

САНАНЫҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ ЖӘНЕ ТҮРКІЛІК МӘДЕНИЕТ: ШАМАНДЫҚ ОНТОЛОГИЯ МЕН РУХАНИ САБАҚТАСТЫҚ

¹Қанағатов М.Қ., ²Құлыбек Б.Ә.*

¹М. Тынышбаев атындағы АЛТ университеті (Алматы, Қазақстан)

²Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті (Өскемен, Қазақстан)

¹manatkanagatov@gmail.com, ²bagdatkali541997@gmail.com

¹Kanagatov Manat, ²Kulybek Bagdatkali*

¹M. Tynyshpaev ALT University (Almaty, Kazakhstan)

²Sarsen Amanzholov East Kazakhstan University (Oskemen, Kazakhstan)

¹manatkanagatov@gmail.com, ²bagdatkali541997@gmail.com

Аңдатпа. Түркі халықтарының рухани болмысында исламға дейінгі сенім жүйелері, соның ішінде шамандық дәстүр мен оған тән сананың өзгерген күйлері феномені айрықша орын алады. Бұл күйлер – адамның дүниені ерекше қабылдауына мүмкіндік беретін трансформациялық рухани тәжірибе ретінде, түркілік мәдениет пен дүниетанымның терең қабаттарын тануға жол ашады. Сананың мұндай күйі көне шамандық практикаларда негізгі әдіс ретінде қолданыла отырып, олардың психологиялық және философиялық қырларын ашады. Бүгінде бұл сенім жүйелері жаһандану ықпалында әлсірегенімен, олардың символдық мәні мен мәдени жадтағы орны сақталып отыр. Мақалада сананың өзгерген күйінің көшпенділер мәдениетіндегі маңызы, шамандық дүниетаным мен ислам арасындағы байланыс, сондай-ақ дәстүрлі сенімдердің заманауи көріністері талданады. Зерттеу пәнаралық әдістерге сүйеніп, мәдени сабақтастықты философиялық тұрғыдан пайымдауға бағытталған.

Түйін сөздер: шамандық, түркілік дүниетаным, сананың өзгерген күйлері, тәңіршілдік, дәстүрлі сенім, ислам және шамандық, мәдени сабақтастық

Kіріспе

Қазіргі уақытта ғылым мен білім саласының қарқынды дамуы адамзат баласына бірқатар заманауи жетістіктерге қол жеткізуге мүмкіндік беруде. Алайда осы жетістіктермен қатар, адамзат мәдениеті мен руханиятының бастау көзі саналатын көне сенім түрлеріне, соның ішінде әлемнің әр түкпірінде – Азия, Еуропа, Африка, Америка, Австралия және өзге де аймақтарда ұқсастықпен көрініс тапқан шамандық сенімге деген қызығушылық та артып отыр. Шаманизм – діни сенім түрі ғана емес, тұтас дүниетанымдық жүйе ретінде бүгінгі күнде зерттеушілер назарында маңызды орын алуда.

Шамандық сенімнің қайта жаңғырып, ғылыми қауым мен көпшілік ортасында танымалдыққа ие болуы бірнеше себептерге байланысты. Біріншіден,

*Автор-корреспондент - Құлыбек Б.Ә. bagdatkali541997@gmail.com

XX ғасырдағы атақты этнографтар, антропологтар, философтар және өзге де ғалымдардың зерттеулері ғылым әлемінен шығып, кең аудиторияға жол тартты. Екіншіден, сана мен рухани құбылыстарды түсіндірудегі ньютондық-картезиандық метапарадигманың шектеулілігін сезіну жаңа парадигмаларға бет бұруға себеп болды. Үшіншіден, әлемдік шынайылықты тануда балама тәсілдер мен дүниетанымдық бағыттардың қажеттілігі байқалды. Төртіншіден, Батыс өркениеті мен тұтынушылық мәдениеттегі жүйелік дағдарыс жаңа рухани бағдарлар іздеу үрдісін туындатты. Осы жағдайларда шамандық дүниетаным балама парадигма ретінде ұсыныла бастады.

Зерттеу мақсаты – жаһандану жағдайында маңызын жоғалтып немесе назардан тыс қалып бара жатқан «сананың өзгерген күйлері» феноменін зерделей отырып, оның түркі мәдениетіндегі тарихи және рухани орнына талдау жасау. Сондай-ақ, шамандық сенім жүйесіндегі трансформациялық тәжірибелер мен олардың қазіргі мәдени кеңістіктегі көріністерін саралау мақала міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл – мәдениеттің көп зерттеле бермейтін, тереңде жатқан қабаттарына бойлауға, түркі дүниетанымының бай қырларын ғылыми түрде түсінуге жол ашады.

Алайда, қазіргі көпшілік үшін шамандық туралы түсінік көбіне үстірт, бұрмаланған сипатта қалыптасқан. Оны көбінесе дауылпаз қағып, бейберекет би қимылдарын орындайтын адамның әрекеттері ретінде қабылдайды. Бұл – шаманизмнің шынайы болмысынан алшақ көзқарас. Ресейлік заманауи зерттеуші-физик В. Дремучийдің пайымдауынша, көпшілік шамандық туралы көп біледі деп ойлайды, алайда ол білім үзік-үзік және көбінесе бұрмаланған көзқарастарға негізделген. Оның айтуынша, шаманизм – ең алдымен, әлем мен адам жайлы біртұтас философиялық көзқарас жүйесі болып табылады [1, 3 б.].

Шамандыққа деген қазіргі қызығушылықтың артуы әлемдік діндерде орын алған идеологиялық дағдарыспен де тығыз байланысты. Батыс өркениетінің рухани бағдарларындағы тоқырау нәтижесінде Зороастризм, Тәңіршілдік тәрізді кең таралмаған сенім түрлеріне деген қызығушылық арта түсті. Бұл сенімдер адам мен табиғат арасындағы ежелгі үйлесімді байланысты қалпына келтіруге бағытталған.

В. Дремучий атап өткендей, кейбір зерттеушілердің пікірінше, қазіргі әлемдік діндер қазіргі адамның рухани қажеттіліктеріне толық жауап бере алмайды, өйткені олар өзге уақыт, кеңістік және тарихи жағдайларға арналып пайда болған. Сондықтан да қазіргі жағдайда бұл діндердің ең озық өкілдері өзара сұхбатқа келіп, жаңа рухани бағдарларды бірлесіп қалыптастыруға ұмтылуы қажет болуы мүмкін [1, 3 б.].

Осыған орай, заманауи адамзаттың өркениеттік жолында жоспарланбаған, кей жағдайда жағымсыз салдарларға әкелген үдерістер байқалуда. Америкалық ғалым Джозеф Кэмпбелл бұл ахуалды бейнелі түрде: *«Бұл – баспалдақтың ең жоғары сатысына жетіп, оның дұрыс емес қабырғаға сүйеніп тұрғанын байқаумен тең»* деп сипаттайды [2, 187 б.]. Бұл сөздер қазіргі өркениеттің дамуындағы бағыт-бағдардың түбірлі қайта ой елегінен өткізілуі керектігін меңзейді.

Табиғатпен етене қатынастың үзілуі, рухани үйлесімнің жоғалуы – қазіргі адамзат қоғамының басты мәселелерінің бірі. Алайда бұл үрдіс адамзат тарихында әрдайым осылай болмаған. Орта Азия кеңістігінде өмір сүрген көне

мәдениеттерде табиғатпен үйлесімділік басты құндылықтардың бірі болғанын тарихи деректер дәлелдейді. Мысалы, ежелгі сақ, үйсін, ғұн, қаңлы тайпалары жөніндегі Қытай және грек жазбаларында, археологиялық қазбалар мен түркілердің бай ауыз әдебиетінде бұл сенім жүйелерінің элементтері сақталған.

Түркілік шамандық дүниетанымда материалдық және рухани әлем арасында үйлесімділік, жан мен кеңістік арасындағы тепе-теңдік ұғымдары кеңінен көрініс тапқан. Бұл ұғымдар мәдениет пен философияны ғана емес, адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасты сипаттайтын рухани бағдарлар жүйесі ретінде де қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда шаманизм тек көне сенім үлгісі ғана емес, адамзаттың терең рухани тамырын білдіретін дүниетаным ретінде зерттеуді қажет етеді.

Зерттеу әдістері мен әдістемесі

Түркі халықтарының мәдениетіндегі шамандық дәстүр мен сананың өзгерген күйлерін зерттеу барысында пәнаралық сипаттағы кешенді әдіснамалық тәсілдер қолданылды. Атап айтқанда, тарихи-салыстырмалы талдау әдісі арқылы түркілік дүниетаным жүйесіндегі шамандық сенімнің бастаулары мен қазіргі көріністері арасындағы сабақтастық қарастырылды. Сонымен қатар герменевтикалық және феноменологиялық тәсілдер шамандықтың мәнін түсіндіруде, оның ішкі мазмұны мен мәдени-рухани кодтарын ашуда қолданылды.

Зерттеудің теориялық-методологиялық базасында дифференциация, жалпылау, абстрактіден нақтыға көшу, модельдеу, салыстыру және аналогия жасау секілді логикалық тәсілдер де кеңінен пайдаланылды. Бұл тәсілдер зерттеу нысанына терең танымдық тұрғыдан енуге, күрделі мәдени феномендердің мәнін құрылымдық деңгейде ашуға мүмкіндік берді.

Мақалада қарастырылған материалдарды кешенді түрде зерделеу мақсатында интегративтік ұстаным негізге алынып, интроспекциялық, ретроспекциялық, рефлексиялық және генетикалық талдау әдістері пайдаланылды. Бұл әдістер мәдени-рухани құбылыстардың тарихи дамуын, ішкі мазмұнын, әрі оның мәдениеттегі үздіксіздік принципін көрсетуге бағытталды.

Сонымен қатар, шамандықты дінтану мен мәдениеттану тұрғысынан зерделеуде діни-философиялық және антропологиялық қырларын қамтитын дін феноменологиясының рационалды әдіснамалары қолданылды. Оның ішінде құрылымдық-функционалдық талдау, психоанализ элементтері және символдық интерпретация тәсілдері арқылы шамандық дүниетанымдағы «сананың өзгерген күйлері» феномені мәдени код ретінде қарастырылды.

Осы әдістерді кешенді түрде қолдану зерттеу нысанының болмысын терең ашуға, түркілік дүниетанымдағы шамандық сенім мен оның саналық деңгейдегі көріністерінің мәнін пайымдауға теориялық және практикалық мүмкіндік берді

Шамандықтың мәдени-философиялық болмысы және қазіргі өркениеттік дискурстағы орны

Қазіргі антропологиялық және мәдениеттанулық зерттеулерге сүйенсек, шамандық адамзаттың ең көне рухани-мәдени дәстүрлерінің бірі ретінде

қарастырылады [4, 88 б.]. Археологиялық деректерге сәйкес, шамандық тәжірибелердің іздері шамамен 40 мың жыл бұрынғы кезеңдерге тиесілі тасқа салынған суреттер мен ежелгі жерлеу рәсімдерінен байқалады. Бұл шамандықтың адамзаттың алғашқы діни-рухани формаларының бірі екенін көрсетеді.

«Шаман» ұғымы алғашында белгілі бір этнографиялық контекст аясында қолданылса, қазіргі таңда ол жаһандық ғылыми дискурста кеңінен пайдаланылатын мәдени-антропологиялық терминге айналды. Бұл сөз бүгінгі таңда көптеген халықтардың тілдік қорына енген. Зерттеушілердің бір тобы бұл терминнің шығу тегін санскрит тіліндегі *шраман* сөзімен байланыстырады. Аталған термин ежелгі Үнді өркениетінде «саяхаттаушы дәруіш», «рухани ұстаз» деген мағынаны білдіріп, буддизммен бірге Азия кеңістігіне таралған, кейін эвенки тілі арқылы орыс және Батыс тілдеріне енген деген болжам бар [5].

Басқа бір нұсқа бойынша, шаман сөзі тұнғұс-маньчжур тілдеріндегі *саман* сөзінен туындаған және «делебесі қозған», «қозғалатын», «көтерілетін» деген мағына береді. Қазіргі антропологияда бұл термин әртүрлі мәдениеттердегі рухани көшбасшыларға, емшілерге, арбаушылар мен көріпкелдерге сілтеме жасау үшін кеңінен қолданылады. Алғашқы антропологиялық жазбаларда шамандардың рухтармен және сананың өзгерген күйлерімен ерекше қарым-қатынасқа түсе алатын қабілеттері айрықша қызығушылық тудырғаны белгілі. Сонымен қатар, кейбір сөздіктерде шаман сөзі «ақылды адам» немесе «білетін адам» деп аударылады [6, 314 б.]. Дегенмен, біздің пайымдауымызша, шаман – «экстазды меңгерген адам», яғни экстатикалық тәжірибені бастан кешіру арқылы қоғамнан дараланатын тұлға. Бұл жерде Мирча Элиаданың шаманизмге берген анықтамасы ерекше маңызға ие: ол шаманизмді «экстаз техникасы» ретінде сипаттайды. Бұл экстаз – кәдуілгі шаттық күй емес, керісінше, сананың қалыпты шектерінен асып түсетін, жан мен тән арасындағы шекараны бұзатын күшейтілген күй. Элиаданың айтуынша, мұндай күйлерде «шаманның жаны денеден шығып, жоғары әлемге көтеріледі немесе төменгі дүниеге енеді» [7, 9 б.].

Шаманизмнің қазақ даласындағы көріністері де зерттеушілердің назарында. Қазақстан аумағында өмір сүрген көне мәдениеттерде шамандық элементтердің болғаны дәлелденген, ал қазақтар бұл дәстүр өкілдерін «бақсы» деп атаған. «Бақсы» сөзі «емдейтін, сөйлейтін, жігерлендіретін, аңыз-эпсаналарды орындай алатын, жол көрсетуші» адамды білдіреді. Халық этнографиясын зерттеуші А. Диваевтың пайымдауынша, бұл сөз Шағатай тілінен енген және «дәрігер, емші, елітуші, сиқыршы» мағынасын білдіреді [8, 188 б.].

Шаманизм адамзаттың рухани санасының бастапқы формасы ретінде, әлеммен байланысудың алғашқы мифологиялық жолы ретінде сипатталады. Бұл дүниетанымдық жүйе тас дәуірінде, адам өзін саналы тіршілік иесі ретінде таныған кезеңде пайда болды. Ол кезде адам өзін табиғаттан бөлінбеген, Жер-Ананың тылсым күштерінің тасымалдаушысы ретінде қабылдады. Осы сананың қалыптасуы адам мен әлем арасындағы үйлесімді байланыстың – абсолютті тепе-теңдіктің негізін қалады. Бұл кезең, белгілі бір дәрежеде, адамзаттың рухани «алтын ғасыры» болғаны да ықтимал.

Уақыт өте келе адамзат мәдени даму барысында табиғатпен бастапқы бірлігінен алшақтай бастады. Адам өзінің рухани болмысынан алыстап, біртіндеп материалистік көзқарасқа бет бұрды. Өзін жаратушы-демиург ретінде

қабылдай отырып, адам «жердегі жұмақтан» алыстап, оның орнына жасанды, технологиялық әлем құруға талпынды [1, 5 б.]. Ғылым да осы бағытта дамып, материя мен сананы, материалдық пен руханилықты ажыратып қарастыруға ұмтылды. Жаңа дәуірдің эмпирикалық философиясы мен ғылыми әдісі теориялық ережелерді тек тәжірибемен дәлелдеуге баса мән беріп, Құдай, Жан және Рух сияқты категорияларды зерттеу объектісі ретінде мойындаудан бас тартты. Бұл жағдай шындықтың тек көрінетін, физикалық жағын мойындауға әкеліп, адамның өзін жоғары болмыс ретінде қабылдауға итермелейді.

Алайда мұндай көзқарас материалдық прогрестің үдемелі дамуына негіз болғанымен, рухани үйлесім мен ішкі тепе-теңдікті жоғалтуға себеп болды. Уақыт өте келе бұл дисбаланс түрлі философиялық және ғылыми бағыттарда сынға ұшырады. Фрейд пен Юнгтің психоанализі, Эйнштейн, Гейзенберг, Бом секілді ғалымдардың кванттық физика саласындағы ізденістері сананың терең құрылымдары мен шынайылықтың балама формаларын қайта пайымдауға жол ашты [3, 3 б.].

Қазіргі әлемде жаһандық өркениеттік дағдарыс жағдайында, шамандық дүниетанымға деген қызығушылықтың артуы кездейсоқ емес. Иудей-христиандық дәстүр адамзат өркениетінің дамуында үлкен рөл атқарғанымен, қазіргі рухани дағдарысты еңсеруде оның әлеуеті шектеулі болып отыр. Сондықтан балама көзқарастарды қарастыру қажеттілігі туындауда. Бұл орайда, дүниені тек ақылмен емес, жүреппен де қабылдауға негізделген шамандық философия маңызды танымдық рөлге ие.

Шамандық дүниетанымда шындық біртұтас – Ұлы Рухтың эманациялары арқылы көрініс беретін көпдеңгейлі әлем ретінде қабылданады. Осы танымдық арна қазіргі заманғы экзистенциалистер – Ницше, Хайдеггер, Камю және Кастанеда сияқты ойшылдардың философиялық ізденістерімен үндес келеді [1, 6 б.]. Бұл бағыттар бізді әлемнің жасанды құрылымдарынан гөрі шексіз күрделі және бай ішкі әлемге, сананың терең кеңістіктеріне назар аударуға итермелейді.

Түркілік шамандық дәстүрдегі сананың өзгерген күйлері

Ежелгі түркілердің исламға дейінгі дүниетанымындағы діни және салттық сенімдер жүйесі ата-бабалар рухы мен табиғат рухтарына құрмет көрсетуге, олардың ризашылығын алуға негізделген. Бұл жүйе анимистік көзқарастарға жақын болғанымен, оны тек сол аяда қарастыру жеткіліксіз. Рухани мәдениетте қалыптасқан ата-баба культі шамандық рәсімдер арқылы ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырған қасиетті білімдерді – эпикалық жырларды баяндау, ән айту, рухтармен байланыс орнату сынды әрекеттерді қамтыған.

Шамандар – адамдар мен тылсым әлем арасындағы делдал ретінде – ерекше қабілетке ие, рухтар таңдаған жандар саналған. Түркілік наным-сенімде әр адамның бойында «құт» деп аталатын, ұйқы, бейсана күй немесе ауру кездерінде денені тастап шыға алатын ерекше жан иесі бар деп есептелген [9, 39-40 бб.]. Шамандар бұл жанды өз еркімен денеден шығара отырып, рухани әлемге саяхат жасап, сол әлеммен байланыс орнатуға мүмкіндік алған. Бақсылардың санасы экстатикалық күйге еніп, олар рухтармен байланысқа арнайы ритуалдық әрекеттер арқылы түсетін болған.

Ежелгі түркі мәдениетіндегі нанымдар бойынша табиғаттың әрбір элементі – тау, көл, өзен, орман, бұлақ, жазық дала – өзіндік «кие» иесі, яғни рухқа ие деп саналған. Осы түсініктер негізінде табиғатты қабылдау рационалдылықтан гөрі сана кеңістігіндегі ерекше қабылдауды қажет еткен. Адамдар мен жануарлардағы аурулар мен апаттар – жындар мен зұлым рухтардың әрекеті деп танылып, олардан арылудың бір жолы ретінде «киелерге» құрмет көрсету және құрбандық шалу арқылы табиғат пен ата-баба рухтарының қолдауына ие болу көзделген [9, 25 б.].

Космологиялық тұрғыдан алғанда, түркілік дүниетанымда әлем үш қабатқа бөлініп қарастырылған: жоғарғы әлем – Аспан Тәңірінің мекені, орта әлем – тіршілік иелері мен табиғат рухтарының мекені, төменгі әлем – Ерлік және зұлым рухтардың орны [11, 111 б.]. Бұл құрылым қазақ мифологиясында да кең тараған, оның символдық бейнесі – Бәйтерек. Ол үш әлемді біріктіретін қасиетті ағаш ретінде қарастырылып, мифтік қаһарманның осы ағаш арқылы төменгі әлемнен жоғарғы әлемге көтерілуі сананың трансформациясымен астасқан әрекет ретінде көрініс табады [12].

Шамандардың сананың өзгерген күйіне енуіне арнайы ритуалдық киімдер мен құралдар – дауылпаз (даңғыра), қобыз, асатаяқ, қамшы және басқа да заттар пайдаланылған. Бұл құралдардың көмегімен трансқа еніп, рухтар әлеміне саяхат жасау тәжірибесі тыва, алтай, хакас, саха, қазақ, қырғыз, өзбек секілді түркі халықтарының барлығына ортақ құбылыс.

Көне түркі сенімі бойынша шамандық дарын иесіне алғашында психоэмоциялық дағдарыс (эпилепсия, галлюцинация, транс) арқылы келеді. Ауруы шегіне жеткен кезде оған рухани жебеуші келіп, оның шамандық жолға түсуі керектігін хабарлайды [25, 5 б.]. Бұл кезеңде адам ерекше рухани шабытты бастан кешіп, өз болмысын трансформацияға ұшыратады. Бұл шамандық қызмет тек діни емес, мәдени-эстетикалық мазмұнға да ие болды. Бақсылар, жыраулар мен жыршылардың рухани шабыт арқылы ортаға ықпал етуі – сананың өзгерген күйінің көрінісі.

Мысалы, Қорқыт ата тұлғасы, қазақ жыршыларының жыр айту мәнері, айтыскерлердің шабытты сәттері, қырғыз манасшыларының экстатикалық күйге түсуі – барлығы шамандық дәстүрмен сабақтасып жатады [26, 13-27 бб.]. Бұл тәжірибе арқылы адам болмысы мен қоршаған әлем арасындағы үйлесімділік орнап, тіршілік заңдылықтарын тануға жол ашылады.

Сонымен қатар, түркі дүниетанымында адам өміріне зиян келтіру (көз тию, сөз тию, дуалау) сынды құбылыстардың түпкі негізінде жындар мен зұлым рухтардың әрекеті жатыр деген сенім болған. Бұл жағдайда адамның сана кеңістігіне енген зұлым күштерді тек бақсылар тазарту әрекеттері арқылы шығара алады. Ислам дінінің келуімен бұл түсініктер толық жойылмай, керісінше, сопылық таныммен үндесіп, жаңа мәдени синкретизм қалыптастырды.

Көшпелі өмір салтына тән тағы бір ерекшелік – табиғат құбылыстары мен киелі нысандарға (ағаш, бұлақ, тас, көл және т.б.) әулиелік сипат беру. Бұл тәжірибе исламдық тыйымдармен бейімделіп, оларды әулие мазары арқылы символикалық түрде рухпен байланыстырудың бір амалына айналған. Кеңестік зерттеуші С.М. Абрамзонның деректері бойынша, мұндай жерлерде құрбандық шалу, ауру-сырқауға шипа тілеу, ата-баба рухына сыйыну рәсімдері кең таралған [18, 317 б.].

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, сананың өзгерген күйі түркі халықтарының мәдениетінде тек діни құбылыс ретінде емес, сонымен қатар өмір сүрудің, тіршілікпен үйлесімділікті орнатудың, рухани әлеммен үндесудің кешенді тәсілі ретінде көрініс тапқан.

***Шамандық пен ислам арасындағы сабақтастық:
түркі руханиятының синкреттік сипаты***

Ислам дінінің түркі халықтарының рухани өміріне енуімен қатар, бұрынғы шамандық наным-сенім жүйелері мен мифологиялық дүниетаным терең өзгерістерге ұшырады. Исламда бір Аллаға сену негізі болса да, жындар мен шайтанның бар екендігіне деген сенім де өз орнын алады [13, 307]. Иран текті халықтармен мәдени ықпалдастық нәтижесінде, дию мен пері секілді бейнелер түркілік исламның құрамдас бөлігіне айналып, сонымен қатар көне мифологиялық кейіпкерлер де ислам дүниетанымының кеңеюіне әсер етті [14, 38 б.].

Шамандық сенімдердің негізгі элементтері сопылық дүниетанымда жаңа сипатқа ие болып, өзінің өміршендігін жалғастырды. Сопылық бағыттағы дін қызметкерлері әулиелердің әруақтарымен рухани байланыс орнатып, халыққа делдалдық қызмет көрсетті. Бұл қызметтерге ем-дом жасау, жақсы бастамаларға тілек тілеу, қауіп-қатерден сақтау секілді әрекеттер жатады [15, 58 б.]. Осы негізде ата-бабаға табыну дәстүрі біртіндеп сопылық әулиелерді құрметтеуге ұласқанымен, қазіргі күні де қазақ, қырғыз, өзбек секілді түркі халықтары тарихи тұлғаларын ерекше сый-құрметпен еске алып, үлкен астар мен тойлар ұйымдастырады.

Орталық Азия халықтары арасында дін иелерінің қызметінде шамандық сипаттағы әрекеттер байқалады. Бұрынғы бақсылық қызметін жалғастырған қазіргі діни тұлғалар халық арасында «бақсы» деп аталып, ислам мен шамандықты синкреттеп ұсынуда. Олар зікірлік рәсімдер жүргізіп, сопылық әруақтарды көмекке шақырады. Бұл сенім жүйесінде бақсылар «жындармен күресте» көмек көрсететін басқарылатын жындармен байланыс орнатады деген наным бар [16, 580 б.].

Исламға дейін бақсылық қасиет ата-баба рухының киесі арқылы беріліп, «бақсылық есіру» арқылы рухтармен тілдесу жүзеге асырылған. Бұл дәстүр ислам енгеннен кейін де жаңа формада жалғасып, ендігі жерде бақсылық Алланың сыйы ретінде қабылданып, сопылық әруақтар арқылы жүзеге аса бастады. Исламмен қатар өмір сүрген бұл рухани тәжірибелер сыртқы тұрпаты өзгерсе де, ішкі мазмұны бойынша сананың өзгерген күйі арқылы рухтармен байланыс орнату тәжірибесін сақтап қалды. Сопылық әулиелердің мазарына бару, діни рәсімдер өткізу арқылы олармен байланыс орнату кең таралды. Мәселен, Өзбек ханның исламға бет бұруына әсер еткен Баба Түкті Шашты Өзиз [19, 142–158 бб.] пен Сатық Боғра ханға ислам дінін насихаттаған Әбу Насыр ас-Самани [20, 117–118 бб.] сынды тұлғалар сопылықтың ықпалын көрсетеді.

Шамандық дәстүрдің исламмен тоғысуы барысында трансқа түсу, рухтармен тілдесу үшін арнайы құралдар қолданылған. Мәселен, дәруіштер барабан (дауылпаз) немесе асатаяқ секілді құралдарды пайдаланған. Өзбек және қырғыз

халықтары арасында шаман айнасы мен қамшы сынды құралдар арқылы зұлым күштерден арылу рәсімдері орындалады [21, 242 б.]. Осы құралдар мен әрекеттер арқылы бақсылар Жаратушыдан жәрдем сұрап, ем-дом жасап, тылсым әлеммен байланыс орнатуға тырысады.

Бұл синкреттік жағдайды халықтың бір бөлігі діни сенімнің ажырамас бөлігі ретінде қабылдаса, ресми ислам өкілдері, имамдар мен мүфтилер, мұндай әрекеттерді ислам заңдарына қайшы деп бағалайды. Яғни, тек Аллаға құлшылық жасап, Құран мен Сүннетке негізделген діни рәсімдерді ғана мойындайды. Қазіргі уақытта мұндай рәсімдер ресми исламмен араласпағанымен, XX ғасырдың соңғы онжылдығында және XXI ғасырдың бас кезінде қасиетті орындарда мешіт салу, әулиелерге құрбан шалу, түнеу, олардан шапағат тілеу секілді әрекеттер кеңінен орын алды.

Исламда адамның тәнінен шығатын «жан» немесе «құт» ұғымы ресми түрде мойындалмағанымен, кейбір сопылық және шииттік ағымдарда рухани қуатқа сенім байқалады. Мұндай сенімдер сананың өзгерген күйіне ену арқылы ақпаратты қабылдау қабілетіне негізделіп, шамандық түсініктермен жақындасады. Бұл халықтық ислам мен бұрынғы сенім жүйелері арасындағы синтез үдерісін дәлелдейді [22, 642–646 бб.]. Түркі халықтарының исламдық дәстүрлерінде шамандық транс элементтері болмаса да, халықтық дін өкілдерінің кейбір әрекеттері шамандықпен ұқсас сипатта қарастырылуы мүмкін [23, 226–244 бб.].

Сомфай Кара Д. шаманизмді сенім жүйесі ретінде қарастырып, бақсыны рухтармен байланысқа түсе алатын адам ретінде сипаттайды. Оның пікірінше, шамандықта экстаз немесе транс міндетті шарт болмағанымен, рухтар әлемімен байланыс орнатуға деген сенім басты рөл атқарады [24, 210 б.]. Сондықтан Орталық Азиядағы мұсылман түркі топтарындағы шамандық элементтері бар халықтық исламды, ғалымдардың кейбірі «әруақшылық» деп атауды ұсынады [27, 151 б.].

Жалпы алғанда, шамандықтың кейбір элементтері ислам құндылықтарымен үйлесіп, діни тәжірибенің ерекше формасын қалыптастырған. Бұл түркілік мұсылмандықтың сыртқы формалары ғана емес, ішкі мағыналық құрылымының да дәстүрлі нанымдармен ұштасып, заманауи қоғамда өміршеңдігін сақтап отырғанын көрсетеді.

Қорытынды

Қорытындылай келе, түркі халықтарының діни дүниетанымында шамандық пен ислам сенімдерінің өзара ықпалдастығы тарихи және мәдени тұрғыдан күрделі синкреттік үдеріс болып табылатынын байқаймыз. Ислам дінінің Орталық Азияға таралуы бұл аймақтағы байырғы діни наным-сенімдерге түбегейлі өзгеріс енгізгенімен, шамандық дүниетаным элементтері халықтың рухани өмірінде өз көрінісін сақтап қала білді. Ата-баба рухтарына деген құрмет, трансқа түсіп рухтармен байланыс орнату, дәстүрлі діни құралдарды қолдану секілді шамандық сипаттар исламның сопылық бағытында қайта интерпретацияланып, «әруақшылық» түрінде қалыптасқан халықтық ислам тәжірибесіне еніп отыр.

Сопылық дәстүрдегі әулиелер культі мен олардың рухани делдал ретіндегі рөлі, бақылық ұғымының ислам шеңберінде жаңа мазмұнмен жандануына мүмкіндік берген. Бұл құбылыс, бір жағынан, исламдық сенімнің бейімделгіштік қабілетін, екінші жағынан, жергілікті халықтың рухани қажеттіліктерін өтеудегі дәстүрлі институттардың өміршендігін көрсетеді. Сонымен қатар, қазіргі кезде ресми діни құрылымдардың бұл тәжірибелерге деген көзқарасында алшақтықтар байқалғанымен, халықтық деңгейде шамандық және исламдық құндылықтардың арасындағы өзара толеранттылық пен қатар өмір сүру тәжірибесі жалғасып келеді.

Осыған орай, шаманизм мен ислам арасындағы шекаралар нақты және біржақты емес, керісінше, тарихи-мәдени тәжірибеде әртүрлі формаларда ұштасып, біртұтас сенім жүйесі ретінде қалыптасқан. Түркі халықтарының діни санасында бұл синкреттік құрылым бүгінгі күнге дейін сақталып, халықтың рухани мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде өмір сүріп келеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Диксон Олард, Фрай Александр. Древняя мудрость шаманов. – СПб.: Изд-во «Диля», 2005. – 224 с.
- 2 Рассел Питер, Ласло Эрвин, Гроф Станислав. Революция сознания. Трансатлантический диалог. – Изд.: АСТ, 2004. – 220 с.
- 3 Уотс Алан. Космология радости. Психоделические пространство сознания. – М., «Холлистическое сознания», 2002. – 119 с.
- 4 Yuluğ, Elif. Çatalhöyük'te Şamanizm İzleri [Şamanism Traces in Çatalhöyük]. Yüksek Lisans Tezi (Master's Thesis). Ankara: Hacettepe Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü, Arkeoloji Anabilim Dalı, 2018. – 126 s.
- 5 Eliade Mircea. Shamanism: Archaic Techniques of Ecstasy. Translated from the French by Willard R. Trask. London: Arkana Books, 1989. – 495 p.
- 6 Василевич Г. М. Очерки диалектов эвенкийского (тунгусского) языка. – Л., Учпедгиз, 1948. – 353 с.
- 7 Элиаде М. Шаманизм: архаические техники экстаза. – К.: София, 2000. – 480 с.
- 8 Диваев А.А. Баксы в жизни киргиза // *Известия Среднеазиатского комитета по делам музыки и охраны памятников старины, искусства и природы*. – Ташкент, 1928. – Вып. 1. – С. 15–28.
- 9 Потапов Л.П. Алтайский шаманизм. – Ленинград: Наука, 1991. – 321 с.
- 10 Алтайские инородцы: Сб. этногр. ст. и исслед. алт. миссионера, протоиерея В. И. Вербицкого / Под ред. А. А. Ивановского. – М., 1893. – 270 с.
- 11 Kenin-Lopsan, M. B.; Hoppál, Mihály; Buckbee, Christiana. *Shamanic Songs and Myths of Tuva*. Budapest: Akadémiai Kiadó; Los Angeles: International Society for Trans-Oceanic Research, 1997. – 220 p.
- 12 Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. 3-кітап. – Алматы: «Дайк Пресс», 2004. – 486 б.
- 13 Диваев А.А. Из области киргизских верований: Баксы как лекарь и колдун. (Этногр. очерк). – Казань: тип. Имп. ун-та, 1899. – 38 с.
- 14 Басилов В.Н. Шаманство у народов Средней Азии и Казахстана. – Москва: Наука, 1992. – 328 с.
- 15 Баялиева Т.Д. Доисламские верования и их пережитки у киргизов Фрунзе: Изд-во «Илим», 1972. – 171 с.

16 Somfai K.D. Kirghiz Shamanism (West Central Asia) / In: Namba Walter, Mariko and Neumann Fridman, E. J. (eds). *Shaman-ism. An Encyclodedia of World Beliefs and Culture*. 2 vols. Santa Barbara, CA: ABC-CLIO, 2003. – Pp. 579–581.

17 Somfai K.D. Living Epic Tradition among Inner Asian Nomads / In: Hoppál, Mihály and Kósa, Gábor (eds.) *Rediscovery of Shamanic Heritage, Bibliotheca Shamanistica II*. Budapest: Akadémiai Kiadó. – Pp. 179–191.

18 Абрамзон С.М. Киргизы и их этногенетические и историко-культурные связи. – Ленинград. Изд: Наука, 1971. – 404 с.

19 De Weese D. Islamization and Native Religion in he Golden Horde, Baba Tükles and Conversion to Islam in Historical and Epic Tradition. University Park: The Pennsylvania State University Press, 1994. XVII, 638 p. (hermeneutics, studies in the history of religion).

20 Валиханов Чокан. Собрание сочинений в пяти томах. Том 4. Абу Наср Самани. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985. – 461 с.

21 Басилов В.Н. Шаманство у народов Средней Азии и Казахстана. М.: Наука, 1992. 328 с.

22 Beller-Hann I. Uyghur Healers (China) / In: Namba Walter, Mariko and Neumann Fridman, E. J. (eds). *Shamanism. An Encyclodedia of World Beliefs and Culture*. 2 vols. Santa Barbara, CA: ABC-CLIO, 2004. – Pp. 642–646.

23 De Heusch L. Possession et chamanisme / In: de Heusch, Luc (ed.): *Pourquoi l'épuser?* Paris: Gallimard, 1971. – Pp. 226–244.

24 Булекбаев С.Б., Хайруллаева В.Х. Феномен сознания в философии: новый взгляд: Монография. – Алматы: Ассоциация издателей, 2014. – 256 с.

25 Штернберг Л.Я. Избранничество в религии // Этнография. – 1927. – №1. – С. 5-30.

26 Валиханов Ш.Ш. Идиге (джир). Вступление // Западно-русское географическое общество по отделу этнографии. – Т. 29. – 1904. – С. 246.

27 Somfai K.D. An Uighur Baxši from the Ile Val-ley, Kazakhstan (photo: Kunkovács, László) // *Shaman (Journal of ISSR)*. – 2008. – Volume 16/1–2. – Pp. 143–154.

Transliteration

1 Dikson Olard, Frai Aleksandr. Drevnyaya mudrost' shamanov. SPb.: Izd.vo «Dilya», 2005. – 224 s.

2 Rassel Piter, Laslo Ervin, Grof Stanislav. Revolyutsiya soznaniya. Transatlanticheskii dialog. Izd.: AST, 2004. – 220 s.

3 Uots Alan. Kosmologiya radosti. Psikhedelicheskie prostranstvo soznaniya. M., «Kholisticheskoe soznaniya», 2002. – 119 s.

4 Yuluğ, Elif. Çatalhöyük'te Şamanizm İzleri [Şamanism Traces in Çatalhöyük]. Yüksek Lisans Tezi (Master's Thesis). Ankara: Hacettepe Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü, Arkeoloji Anabilim Dalı, 2018. – 126 s.

5 Eliade Mircea. Shamanism: Archaic Techniques of Ecstasy. Translated from the French by Willard R. Trask. – London: Arkana Books, 1989. – 495 p.

6 Vasilevich G. M. Ocherki dialektov evenkiiskogo (tungusskogo) yazyka. L., Uchpedgiz, 1948. – 353 s.

7 Eliade M. Shamanizm: arkhaischeskie tekhniki ekstaza. – K.: Sofiya, 2000. – 480 s.

8 Divaev A.A. Baksy v zhizni kirgiza // *Izvestiya Sredneaziatskogo komiteta po delam muzyki i okhrany pamyatnikov stariny, iskusstva i prirody*. – Tashkent, 1928. – Vyp. 1. – S. 15–28.

9 Potapov L.P. Altaiskii shamanizm. – Leningrad: Nauka, 1991. – 321 s.

10 Altaiskie inorodtsy: Sb. etnogr. st. i issled. alt. missionera, protoiereya V. I. Verbitskogo / Pod red. A. A. Ivanovskogo. – M., 1893. – 270 s.

- 11 Kenin-Lopsan, M. B.; Hoppál, Mihály; Buckbee, Christiana. Shamanic Songs and Myths of Tuva. Budapest: Akadémiai Kiadó; Los Angeles: International Society for Trans-Oceanic Research, 1997. – 220 p.
- 12 Qondybay S. Arğyqazaq mifologiyasy. 3-kitap. – Almaty: «Dayk Press», 2004. – 486 b.
- 13 Divaev A.A. Iz oblasti kirgizskikh verovanii: Baksy kak lekar' i koldun. (Etnogr. ocherk). Kazan': tip. Imp. un-ta, 1899. – 38 s.
- 14 Basilov V.N. Shamanstvo u narodov Srednei Azii i Kazakhstana. – Moskva: Nauka, 1992. – 328 s.
- 15 Bayalieva T.D. Doislamskie verovaniya i ikh perezhitki u kirgizov Frunze: Izd-vo «Ilim», 1972. – 171 s.
- 16 Somfai K.D. Kirghiz Shamanism (West Central Asia) / In: Namba Walter, Mariko and Neumann Fridman, E. J. (eds). *Shaman-ism. An Encyclopedic of World Beliefs and Culture*. 2 vols. Santa Barbara, CA: ABC-CLIO, 2003. – Pp. 579–581.
- 17 Somfai K.D. Living Epic Tradition among Inner Asian Nomads / In: Hoppál, Mihály and Kósa, Gábor (eds.) *Rediscovery of Shamanic Heritage, Bibliotheca Shamanistica* 11. Budapest: Akadémiai Kiadó. – Pp. 179–191.
- 18 Abramzon S.M. Kirgizy i ikh etnogeneticheskie i istoriko-kul'turnye svyazi. – Leningrad. Izd: Nauka, 1971. – 404 s.
- 19 De Weese D. Islamization and Native Religion in the Golden Horde, Baba Tükles and Conversion to Islam in Historical and Epic Tradition. University Park: The Pennsylvania State University Press, 1994. XVII, 638 p. (hermeneutics, studies in the history of religion).
- 20 Valikhanov Chokan. Sobranie sochinenii v pyati tomakh. Tom 4. Abu Nasr Samani. – Alma-Ata: Glavnaya redaktsiya Kazakhskoi sovetskoi entsiklopedii, 1985. – 461 s.
- 21 Basilov V.N. Shamanstvo u narodov Srednei Azii i Kazakhstana. – M.: Nauka, 1992. 328 s.
- 22 Beller-Hann I. Uyghur Healers (China) / In: Namba Walter, Mariko and Neumann Fridman, E. J. (eds). *Shamanism. An Encyclopedic of World Beliefs and Culture*. 2 vols. Santa Barbara, CA: ABC-CLIO, 2004. – Pp. 642–646.
- 23 De Heusch L. Possession et chamanisme / In: de Heusch, Luc (ed.): *Pourquoi l'épuser?* Paris: Gallimard, 1971. – Pp. 226–244.
- 24 Bulekbaev S.B., Khairullaeva V.Kh. Fenomen soznaniya v filosofii: novyi vzglyad: Monografiya. Almaty: Assotsiatsiya izdatelei i knigorasprostranitelei, 2014. – 256 s.
- 25 Shternberg L.Ya. Izbrannichestvo v religii // Etnografiya. – 1927. – №1. – S. 5-30.
- 26 Valikhanov Sh.Sh. Idige (dzhir). Vstuplenie // Zapadno-russkoe geograficheskoe obshchestvo po otdelu etnografii. – T. 29. – 1904. – S. 246.
- 27 Somfai K.D. An Uighur Baxši from the Ile Val-ley, Kazakhstan (photo: Kunkovács, László) // *Shaman (Journal of ISSR)*. – 2008. – Volume 16/1–2. – Pp. 143–154.

Қанагатов М.К., Құлыбек Б.А.

Трансформация сознания и тюркская культура: шаманская онтология и духовная преемственность

Аннотация. В духовной системе тюркских народов доисламские верования, в частности шаманская традиция и связанный с ней феномен изменённых состояний сознания, занимают особое место. Эти состояния представляют собой трансформационный духовный опыт, позволяющий воспринимать реальность по-особому и проникать в глубинные пласты тюркской культуры и мировоззрения. В шаманских практиках древности изменённые состояния сознания выступали в качестве основного метода, раскрывая их психологические и философские аспекты.

Несмотря на то что эти верования сегодня утрачивают своё влияние под воздействием глобализации, их символическое значение и роль в культурной памяти сохраняются. В статье рассматривается значение феномена изменённого сознания в кочевой культуре, влияние шаманского мировоззрения и его взаимодействие с исламом, а также современные проявления традиционных верований. Исследование опирается на междисциплинарный подход и направлено на философское осмысление культурной преемственности.

Ключевые слова: шаманизм, тюркское мировоззрение, изменённые состояния сознания, тенгрианство, традиционные верования, ислам и шаманизм, культурная преемственность.

Kanagatov M.K., Kulybek B.A.

Transformation of Consciousness and Turkic Culture: Shamanic Ontology and Spiritual Continuity

Abstract. In the spiritual system of the Turkic peoples, pre-Islamic belief systems—particularly the shamanic tradition and the associated phenomenon of altered states of consciousness—occupy a special place. These states represent a transformative spiritual experience that enables individuals to perceive reality in a unique way and access the deeper layers of Turkic culture and worldview. In ancient shamanic practices, altered states of consciousness served as a fundamental method, revealing their psychological and philosophical dimensions. Although such beliefs are gradually losing influence under the pressure of globalization, their symbolic significance and role in cultural memory persist. This article explores the importance of altered states of consciousness within nomadic culture, the influence of the shamanic worldview, its interaction with Islam, and contemporary manifestations of traditional beliefs. The research is based on an interdisciplinary approach and aims to provide a philosophical understanding of cultural continuity.

Keywords: shamanism, Turkic worldview, altered states of consciousness, Tengrism, traditional beliefs, Islam and shamanism, cultural continuity.

Келін түсті 11.04.2025

Қабылданды 01.06.2025

VALUES AND VALUE ORIENTATIONS*

¹Amatayakul S., ²Kulsariyeva A., ³Sagi Ye**.¹Libera Università di Lingue e Comunicazione (Milan, Italy)^{2,3}Zhetysu University named after Ilyas Zhansugurov (Taldykorgan, Kazakhstan)¹s.amatayakul@gmail.com, ²aktolkyn777@mail.ru, ³holy_1992@mail.ru¹Аматаякул С., ²Кулсариева А.Т., ³Саги Е**.¹Свободный университет языков и коммуникаций IULM (Милан, Италия)^{2,3}Жетысуский университет им. И. Жансугирова (Талдыкорган, Казахстан)¹s.amatayakul@gmail.com, ²aktolkyn777@mail.ru, ³holy_1992@mail.ru

Abstract. The article focuses on the examination of value and value orientations phenomena. We elucidate the genesis of the concept of value and the establishment of axiology as a discipline concerned with values. The positions of such classics of the secular theory of values as G. Rickert, M. Scheler, and N. von Hartmann, as well as representatives of its religious version, presented by N. O. Lossky and D. von Hildebrand, are analyzed. The second part of the article examines some concepts of values of researchers of the last decades of the twentieth century and also pays attention to the phenomenon of value orientations. It is established that only from the positions of the activity approach and the principle of cultural historicism is it possible to adequately reveal the essence of values and value orientations. The article adopts the concept of values, according to which value is a super-useful semantic attitude of a person to reality. The second part of the article analyzes some interpretations of the essence of values of the last decades of the twentieth century. The author shares the concept of values based on the activity approach and the principle of historicism.

Keywords: value, utility, axiology, value orientations, axiosphere.

Introduction

Any scientific or philosophical concept or category that is familiar today sometimes has a very long history, so to speak, of latent existence. European science and philosophy have their main source in Greco-Roman culture, science, and philosophy. But science and philosophy themselves were formed in Ancient Greece, of course, not without the influence of ancient Indian spiritual and ideological traditions, but mainly from the understanding of Greek mythology and everyday city-state life. Future specialized concepts and categories are formed in the process of ordinary life and tested in conversations and debates.

* This research is funded by the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (Grant No. BR24993269 Evolution and Transformation of Value Orientations in Kazakhstani Society During the Independence Period)

** Автор-корреспондент - Саги Е holy_1992@mail.ru